

Абай атындағы №2 қазақ орта мектебінің жалпыұлттық ата-аналар  
жиналысының хаттамасы

Қатысушылар: ата-аналар,  
жергілікті өкілдік және  
атқарушы органдардың өкілдері,  
мұғалімдер  
Қатысқаны: 150 адам

15 мамыр 2018 жыл  
Степняк қаласы

Сонымен қоса осы жиналысқа

1. Қала әкімі Абилганиев Дарын Бақытжанұлы
2. Аудандық білім бөлімінің басшысы Абдикенов Руслан Қазбекұлы
3. Мектептің қамқоршылық кеңестің төрағасы Жомартов Өміртай  
Өсербайұлы қатысты.

**Жиналыстың тақырыбы:** «Білімді ұлт –білім берудің және отбасылық құндылықтардың сапасы»

**Ата-аналар жиналысының мақсаты:** ата-аналарды мемлекеттік білім беру саясатының бағыттары, орта білім беру жүйесінің жетістіктері туралы хабардар ету және мектепті басқаруда педагогтар мен ата-аналардың күш – жігерлерін біріктіру.

«Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру шеңберінде өткізілуде.

Күн тәртібінде:

1. «Мектеп оқушыларын тәрбиелеудің негізі ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру»  
Баяндамашы: білім бөлімінің бас маманы М.А.Мурзагулова
2. «Мектептің қамқоршылық кеңестерінің қызметі және отбасы мен мектептің өзара іс –қимылын күшейту»  
Баяндамашы: қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ө.Ө. Жомартов
3. «Оқу процесін цифрландыру ; білім алушыларды қорытынды және аралық аттестаттау және жаңартылған білім мазмұны мәселелері»  
Баяндамашы: мектеп директорының оқу ісі орынбасары Н.Ә.Уразова
4. Сұрақ -жауап

Тыңдалды.

- 1- Мәселе бойынша сөз аудандық білім бөлімінің бас маманы М.А. Мурзагуловаға берілді.

## **Мектеп оқушыларын тәрбиелеу негізі ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру**

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы - ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Мақаланы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы байқайтынымыз, ойды жеткізудегі ерекше мәнерлілік, дәлдік пен қарапайымдық. «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының мақсаты—біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, күшті, шығармашылық, патриот және белсенді тұлғасын қалыптастыру, жетістікті болашақтың іргетасы тәрбие мен білім беру салты болып табылады.

2017 жылы 890 022 адам қамтылған 11 республикалық және 308 өңірлік іс-шара іске асырылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы үш базалық бағыт бойынша жүзеге асырылуда: «Отаным – тағдырым», «Өлкетану» және «Саналы азамат».

«Отаным-тағдырым» базалық бағытының негізгі мақсаты—шынайы прагматизм синергиясында және біртұтас ұлы ұлтқа тән сезімі бар білім беру ғұрпында тәрбиеленген жеке тұлға тәрбиелеу. (Педагогтарға арналған кәсіби конкурстар, «Жас ұлан», Ұлы дала скауты, спорттық мектеп лигасы қозғалыстарын дамыту, әдеби оқулар, кинофестивальдар, балалар оркестрі шеруі).

«Өлкетану» базалық бағытының негізгі мақсаты—Қазақстанның игілігіне арналған істерге қатысуға дайын өзінің кішкентай отанының тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне деген құрмет пен белсенді азаматтық позициясы бар патриот қалыптастыру. («Өлкетану» оқулығын шығару, экскурсиялар, жорықтар, жас тарихшылардың конкурстары, жас өлкетанушылар мен экологтардың форумы, «Үздік мектеп мұражайы» конкурсы).

«Саналы азамат» базалық бағытының мақсаты—бүкіл өмір білім алуға, қоршаған әлемнің сын-тегеурінін қабылдауға және өзінің өмір сүру сапасына қанағаттануға дайын жалпы адами құндылықтар және бәсекеге қабілеттілік негізінде белсенді өмірлік стратегиясы бар әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ететін жағдайларды жасау. (Кәсіптер әлемі, буккросингтерді ұйымдастыру, бизнес және отбасылық клубтарын құру).

«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының үш бағытын да жалпы қамту мақсатында 2017 жылдың қыркүйек айында білім бөлімі бойынша «Туған жерге тағзым» атты кіші жоба ұйымдастырылды. Бұл жобаның мақсаты жас

жеткіншектерді туған жерінің табиғатымен, тарихымен таныстыру, осы кіші Отаннан шыққан ұлы тұлғалар жайлы мәлімет беру және сонымен қатар жастарға болашақ мамандық таңдауда кәсіптік бағдар беру. Осы мақсатта аудан мектептерінің оқушыларынан туристік экспедиция жасақталды. Туристік экспедиция құрамына аудан мектептерінің тарих және география пәні мұғалімдері кірді. Бірінші маршрут ұлы ақын, сазгер, суырып салма Біржан сал бабамыздың шығармашылығына арналса, екінші маршрут майдангер, сазгер жерлесіміз Рамазан Елебаевтың шығармашылығына арналды. Сонымен қатар, аталған туристік экспедиция барысында оқушылар аудан көлеміндегі темір дәуірінен қалған ескі қорған тарихымен, көмір шахтасының пайда болу тарихымен танысты. География пәні мұғалімдері арнайы құралдармен айналаны қалай өлшеу керектігін, компаспен қалай жұмыс істеу керектігін үйретті. Шатыр жинау, саяхатқа шыққанда қандай жабдықтар қажет екендігіне тоқталып өтті. Осы экспедиция құрамына қатысушы оқушылардың арасында болашақта өз жерінің тарихымен танысуды, ерекшеліктерін зерттеуді үйренгісі келетіндер болуы да ғажап емес. Яғни, бұлар - болашақ тарих, география пәні мұғалімдері, болашақ геологтер мен саяхатшылар. Сонымен қатар, ауданда екі үлкен семинар өткізілді. Бірінші семинар теориялық тұрғыда Біржан сал атындағы музыка мектебінде өтсе, екінші семинар Донской орта мектебінде практикалық тұрғыда өтті. Екінші семинарда 16 сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Тәрбиенің сегіз бағытының барлығын «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен шебер ұштастыра білген ұстаздар жоғары сынып оқушыларына әр мамандық сырын, оның қиындықтары мен қызықтары жайлы тек айтып қана қоймай, сонау елуінші жылдары ауданымызға тың көтеруге келген тың ардагерлерімен де кездесу ұйымдастырды. Аудан мектептерінің мұражайларына саяхаттар ұйымдастыру барысында әр мектептен білім алып, бүгінгі күні әртүрлі мамандық иелері болып, өз Отанына қызмет етіп жүрген табысты тұлғалар жайлы да оқушыларға көп мағлұматтар берілуде. Табысты тұлғалармен тек мұражайда ғана танысып қоймай, жеке кездесулер де ұйымдастырылуда. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан қай іс-шара болмасын, тәлім-тәрбиелік мәні зор, жас ұрпақтың алдына зор мүмкіндіктер туғызатын, жаңа белестерді бағындыруға бағытталуда. Мектеп ұжымдары Макин ауылындағы қарттар үйіне, көрші ауылдарға концерттік бағдарламалармен баруда. Сонымен қатар бүгінгі күні ауданымыздың барлық мектептерінде «Рухани жаңғыру» кабинеттері ашылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ауданда пікір-сайыс турнирі, КТК фестивалі және «Бояулар сыры», «Қасиетті домбыра», қолөнер бұйымдары байқаулары ұйымдастырылды. Әр іс-шараның өз мақсаты, міндеттері бар, бірақ барлық іс-шараның мұраты бір: ол жастардың азаматтық және патриоттық сезімдерін қалыптастыру, болашақ мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру, кез келген ортада өз бейімділіктерін таныта білуге баулу.

Барлық мектептерде буккросинг ұйымдастырылды. Буккросинг мақсаты — оқушыларды кітап оқуға баулу, сонымен қатар кітап алмасу арқылы ата-аналармен де тығыз байланыста болу.

Сонымен қатар, алдағы уақытқа белгілеген, көзделген мақсат-міндеттеріміз көп. Олар робототехника кабинеттерін ашу, мектеп мұражайларының жұмыстарын жолға қою, аудандық «Рухани жаңғыру» кабинетін ашу, аудандық оқушылар слеттерін ұйымдастыру, туристік экспедицияның жұмысын жалғастыру.

Қорытындылай келе айтарымыз, елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** мақаласы тәуелсіз еліміздің даму бағыты өрілген өзекті мақала екені даусыз. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев аталған мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді,-деген болатын. Сондықтан сіздер болып, біз болып, ұлтымыздың, еліміздің болашағы-қазіргі мектеп оқушыларының өз елінің шын патриоты болып қалыптасуына ат салысайық.

2.Мәселе бойынша сөз мектептің қамқоршылық кеңестің төрағасы Ө.Ө. Жомартов алды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі бұйрығына сай 2017-2018 оқу жылынан бастап Абай атындағы №2 қазақ орта мектебінде Қамқоршылық кеңес құрылып, кеңестің құрамы, ережелері мен жоспарлары бекітілгенін айтып, жалпы ережелерімен таныстырды.

1. Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленген.
2. Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі білім беру ұйымының алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.
- 3.Қамқоршылық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Ережелерді, сондай-ақ білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алады.
4. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата – аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болады.
5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады және де қамқоршылық кеңестің құрамына:
  - 1.Басқа да білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;
  - 2.Жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер;

3. қоғамдық ұйымдардың, қорлардың , қауымдастықтардың өкілдері;
4. демеушілер кіруі мүмкін:

Біз өз жұмысымызды қамқоршылық кеңестің құрамын сайлап алудан бастадық. Құрамға:

- 1.Қамқоршы кеңесінің төрағасы: Жомартов Ө.У.- «Нұр Отан» партиясының бірінші орынбасары.
2. Аяганова Мейіргүл Уахитқызы – Ішкі істер бөлімінің бас маманы.
3. Омарова Алия Бейсенбайқызы – кәсіпкер
4. Истаев Арман Сапарғалиұлы – Аудандық спорт бөлімінің басшысы.
5. Болатов Қанат Шинабекұлы– салық бөлімінің күзетшісі.
6. Байманов Қанат Кемелұлы – Аудандық білім бөлімінің заңгері.
7. Культябина Жұлдыз Ермекқызы – өзін –өзі жұмыспен қамтыған.
8. Партизанұлы Ардабек – Аудандық ішкі істер бөлімінің аға инспекторы.
9. Шокенова Анар Забенқызы – Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, бас маманы.

Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлап алғаннан кейін , барлық құрам мүшелері бірлесе отыра жұмыс жоспарын құрастырдық.

Жоспарымызды әр айға бөліп тастадық.Атап өтетін болсам Мектепте материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, «Мектепке жол», «Қайырымдылық» қамқорлық акцияларын ұйымдастыру, Мерекелік шаралар ұйымдастыру, Білім сапасын арттыру жолдарын қарастыру, Жоғарғы сынып оқушыларын мамандықтандыру жүйесін ұйымдастыру т.б. жұмыстар жүргізу көзделді.

Биылғы жылдың қорытындысы бойынша бірсыпыра жұмыс атқарылды. Атап өтетін болсақ. Мектептің аз қамтылған отбасындағы 2 оқушыға материалдық көмек ( киім –кешек) берілді. Білім сапасын арттыру мақсатында мектеп әкімшілігімен кеңесе отыра сабақты көп босатқан оқушылардың ата-аналарымен әңгіме жүргізіп, бақылауға алып отырдық. Сыныптағы ата-аналар жиналысына ата-аналардың өз балаларының сабаққа дайындалу барысына назар аударуын қадағалап отыруын өтіндік. 9- 11 сынып оқушылары болашақта «Кім болам?» деген сұраққа жауап ретінде осы өзіміздің өңірдегі жұмыс көздерімен таныстырып, әр мамандықтың өз ерекшелігі бар екеніне көз жеткізу үшін қаланың ішіндегі «Еңбек астық » жұмыс мекемесіне апарып , оқушыларға сол жұмыстың қалай жұмыс атқаратынын таныстырдық. Жоғарғы сынып оқушыларын еңбекке баулу мақсатында Ауған соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіштерінің маңын тазалап, жинақтадық. Мектепте өтетін мерекелік іс-шараларға аз да болсақ, көмек көрсетіп отырдық. Әрине, мектеппен ата-ана бірлесе отыра жұмыс атқарса, одан әрі жұмысымыздың алға басары күмәнсіз. Қазіргі біздің жоспарымыз мектептің жаңын көгалдандыру, жетім балаларға жазғы демалыс кезін ұйымдастыру және де жетім , отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған жанұяның балаларына тегін жолдама әперсек- деп жоспарлап отырғанын сөз етті.

Бала бауыр еті –дейді қазақ сондықтан да әрдайым болашағымыз мықты болу үшін , біз оларды демеп, қолдап отырсақ, біздің болашағымыз жарқын болады –деп сөз соңында баяндамасы Елбасының сөзімен аяқтады.

3.Мәселе бойынша сөз мектептің оқу ісінің меңгерушісі Н.Ә. Уразоваға берілді. Мектебіміздің электронды журнал, күнделік жүргізу жұмысы жақсы қолға алынғанын айтып, мектебімізде 70-ке жуық компьютер жұмыс жасаса олардың 60-70 пайызы интернет желісіне қосылған. Интернет желісі үздіксіз жұмыс жасауда және бұл оқу процесін жақсартуда оң ықпал ететін сөз етті. Осы оқу жылының басында республика бойынша Күнделік кз бағдарламасы өз жұмысын бастап кетті. Сынып журналдары, оқушылардың күнделігі электронды жүйеге ауысқанын айтты. Осы ретте мектебіміз қыркүйек айында сынып журналының қағаз және электронды нұсқасын қатар жүргізген болса, 2018 жылдың ақпан айынан бастап қағаз журналдан бас тартып толығымен электронды журналға көшкенін сөз етті. Күнделік кз жүйесі ата-аналарға қолайлы екенін де атап өтті. 2018-2019 оқу жылында Информатика пәні 3- сыныпқа енгізілетіні жоспарлауда, 10-11- сыныптардағы АӘД басқаша аталатын болатынын айтты. Мектептің ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген қағидалары және аудандық білім бөлімінің 2018 жылғы 03 сәуірдегі №06-05/40 бұйрығы негізінде оқушылардың көшіру және мемлекеттік қорытынды емтихандарының кестесі жасалып, оқушыларға таныстырғанын айтты. 11- сынып оқушылары ең бірінші мемлекеттік емтиханды мектепте тапсыратыны да айтылды. ҰБТ -2018 жоғары оқу орындарына түсуге тілек білдірген жалпы орта білім беру ұйымдарының түлектері үшін 3 міндетті пән: Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы және таңдау бойынша пәндерден өтетіні айтылды.

«Жаңартылған білім мазмұны арнайы кестеге сәйкес кезең –кезеңмен енгізіледі:

2016 жылы - 1- сынып,

2017 жылы - 1,2,5,7 сыныптар

2018 жылы - 1,2,3,5,6,7,8- сыныптар

2019 жылы - 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11- сыныптар

2002 жылға қарай 12 жылдық құрылыммен жаңартылған білім мазмұнына көшу барлық сыныптарда аяқталады»

Сұрақ –жауап мәселесі кезінде Аудандық өрт сөндіру бөлімінің басшысы Канапиянов Б.А. сөз алды. Ол оқушылардың қазіргі көктем кезінде су тасқынынан , суға түсу кезінде абай болу керектігін айтып , облыста болған бірнеше қайғылы оқиғаларды атап өтті, Сонымен қоса орманға шығып , серуен құру кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау керектігін, табиғатымызды аялай білу керек екенін айта өтті. Осымен қоса қазіргі жастарымыздың үйдің биігінен секіруді әдетке алып жүргенін, алайда біздің қаламызда биік үйлер жоқ, бірақ балаларыңыз. жазғы кезде үлкен қалаларға барғанда абай болуларын қатаң ескертті.

Келесі сөз 9- сыныптың ата-анасы ,аудандық ішкі істер бөлімінің аға лейтенанты Партизанұлы Ардабек жастарымыздың түн уақытында ата-аналарының қарауынсыз көшеде жүргені жайында сөз ете, әсіресе қыз балаларымыздың ойын –сауық орындарында даяшы болып жұмысы жасау бір келеңсіз мәселе екенін айтып, ата-аналарға өз балаларының жүріс –тұрысын бақылап отыруын өтінді.

Және де мектеп ұжымына оқушыларға жақсы білім мен тәрбие беріп отырғандарыңыз үшін өз алғысын білдірді.

Келесі сөзді қала әкімі Абилганиев Д. Б. Бала тәрбиесіне тек мектеп жауапты болмауы керек, сонымен қоса ата-аналары жағынан да көмек болуы қажет.

Қоғамдағы орта балаға көп әсерін тигізеді, сондықтан бірлесе көтерген жүк жеңіл –дегендей барлығымыз бірлесе бала тәрбиесіне атсалысайық.

Қаулы:

1. Рухани жаңғыру бағдарламасының жұмыстары жандандырылып, жүзеге асырылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмысы одан әрі дами түсуіне ықпал етілсін.
3. Ата-аналар күнделік кз жүйесін қолдана отыра, балаларының сабақ үлгерімін, сабаққа қатысуын бақылап отырсын.
4. Ата-аналарды оқушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жұмысымен таныстырылсын.
5. Ата-аналарға жаңартылған білім мазмұнының өзгерістері жайында түсінік берілсін.

Жиналыстың төрағасы:

Хатшы:



Н.А. Шакиров

Б.Қ. Искакова